

**Еуразия гуманитарлық институтының колледжі
колледж Евразийского гуманитарного института**



**0101000 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру»
мамандығы студенттерінің
кәсіби тәжірибені өтуіне арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана 2019

Бекітемін
Директордың ООЖ орынбасары
_____Г.Баймуханбетова
« 29 » тамыз 2019 ж.

0101000 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру»
мамандығы бойынша білім алатын студенттеріне арналған
кәсіби тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқаулық
Әдістемелік нұсқаулықты құрастырған: Сембина С.А.

Тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқаулық
0101000«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру»
мамандығына Қазақстан Республикасының мемлекеттік
жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС
4.05.073-2009) және «Кәсіптік тәжірибе» пәнінен типтік
бағдарламасы ҚР ҒБМ бекіткен бұйрық №150,
24.04.2013ж. бойынша.

Әдістемелік нұсқаулық педагогика және психология
ПБК отырысында қаралды
Хаттама №1 « 25 » тамыз 2019 ж.
ПБК төрайымы_____ Сембина С.А.

Әдістемелік нұсқаулық колледждің кеңесі отырысында
отырысында бекітілді
Хаттама №1 « 29 » тамыз 2019 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР
2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ
3. ТӘЖІРБИЕ УАҚЫТЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР
4. ТӘЖІРБИЕ ЕСЕБІН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР
5. ҚОСЫМШАЛАР
6. ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

0101000 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру» мамандығы бойынша білім алатын студенттер тәжірибе өту барысында ұйыммен және оның қызметкерлерімен танысып, қажетті ақпараттарды жинақтауды, сондай-ақ педагогикалық құжаттармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Іс-тәжірибенің әдістемелік нұсқаулығы студенттер үшін тәжірибе базасын таңдауға, курстық жұмысты жасауға, сондай-ақ білім мекемесін зерттеу нысаны ретінде алып, барлық қажетті ақпараттарды жинауға көмектеседі.

Әдістемелік нұсқаулыққа іс-тәжірибенің негізгі ережелері, мақсаты мен міндеттері, мазмұны және пәнаралық байланыс, есепті ресімдеу мен оның құрылымына қойылатын талаптар, сондай-ақ міндетті түрде қосымшалар кіреді.

Сонымен бірге алған білімдерін іс-тәжірибеде қалай пайдалануды, қалай көрсете білуді анықтайтын материалдарда енгізілген.

Әрбір машықкер іс-тәжірибеден өту кезеңінде атқаруға міндетті оқу-тәрбиелік шаралары да көрсетілген:

- ✓ Мектепке дейінгі ұйымның білім талаптарына сай балалармен әр түрлі іс шаралар ұйымдастыра білу. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, қызығушылығын ояту, эстетикалық түсінігін қалыптастыра отырып;

- ✓ Оқу іс-әрекет барысында қалыптасқан әдіс-тәсілдерін оқытудың жаңа технологиясымен танысу және тиімді ұштастыра білу;

- ✓ Өзі бекітілген топ балаларының мінез-құлқы, ортаға бейімділігі, қабылдау дәрежесі, т.б. мәселелер бойынша тұрақты бақылау жүргізу. Алынған нәтижелерді оқу іс-әрекет барсында, оқу іс-әрекеттен тыс жұмыстар кезінде пайдалан білу;

- ✓ Мектепке дейінгі ұйымның басшылығы мен педагогикалық іс-тәжірибе жетекшілік жасаушы педагогтармен педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінде тығыз байланыста ынытмақтаса жұмыс істеу.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Іс тәжірибенің өту мерзімі оқу жоспары мен оқу үдерісінің жоспарына сай келеді.

Студенттер үшін тәжірибе жас мамандарды даярлауда маңызды рол атқарып, олардың кәсіби дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар тәжірибе оқу үдерісі құрамының бір бөлігі болып саналады және болашақ мамандарды еңбек жолын даярлауға өз септігін тигізеді, сондай-ақ студенттердің оқу процесінде алған білімдерін тереңдетіп, нығайтады.

Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуін ұйымдастыруын колледждің тәртібі бойынша шығарылған бұйрықтың негізінде (тәжірибе басталатынынанбір апта бұрын) жетекші тағайындап, тәжірибенің мерзімі мен өтетін орны белгіленіп, рәсімделенеді.

Өндірістік тәжірибенің жетекшілерін педагогика және психология ПБК оқытушылары мен студент тәжірибе өтетін ұйымның қызметкерлерімен бірлесе отырып жүзеге асырады.

Өндірістік тәжірибе басталар алдында педагогика және психология ПБК мен колледждің өндірістік тәжірибе жөніндегі орынбасарымен бірлесіп, студенттермен бірге жиналыс өткізіледі, тәжірибеге жолдама беріледі.

Жиналыста мынадай сұрақтар

талқыланады:

Өндірістік-әдістеме:

-  Тәжірибенің мақсаты мен міндеттері;
-  Тәжірибенің жұмыс мазмұны;
-  Күнделік және оның толтыру тәртібі;
-  Студент-машықкердің құқығы мен міндеттері;
-  Тәжірибе есебінің талаптары;
-  Қауыпсіздік ережесі;
-  Тәжірибе бойынша сынақтың өткізу тәртібі

Ұйымдастырылуы:

-  Тәжірибені өткізу орны мен уақыты;
-  Қажетті құжаттарды алу тәртібі;
-  Студенттердің тәжірибе есебінің құжаттарын қарау.

Студенттерге тәжірибенің бағдарламасы мен күнделік беріледі.

Тәжірибе барысындағы студенттердің (машықкерлердің) міндеттері:

-  Тәжірибе бағдарламасында берілген тапсырмаларды толық орындау;
-  Машықкер әркет етуші мектепке дейінгі ұйымдардың ішкі тәртібіне бағыну;
-  Еңбекті қорғау және техникалық қауыпсіздік ежелерімен танысып, бақылау;
-  Орындалатын жұмысқа жауапкершілікпен қарап, жасалған жұмысқа қорытынды шығару,
-  Белгіленген үлгіде күнделік толтырып, іс тәжірибе жөнінде қорытынды есепке тиісті жазулар жазу.

Колледжде білім алатын студент тәжірибенің өту орны, яғни кәсіпорын, мекеме және ұйымның ұйымдық-құқықтық формадағы міндеттеріне сәйкес көрсетілген, колледж бен мектепке дейінгі ұйымның арасында келісімшартқа тұру негізінде жүзеге асырылады.

Келісімшарт екіжақты жасалынады, сондай-ақ келісімшарттарға, қаржылық міндеттемелерге колледж бен студент тәжірибе өтетін мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі қол қояды. Келісімшартқа тәжірибе басталар алдында 1 ай бұрын қол қойылып, бекітіледі.

Тәжірибеге жолдаманы студент өндірістік тәжірибе базасының меңгерушісінің атына жазады.

Студенттер тәжірибе өту барысында күнделік арнап, толтырып отыруы керек. Күнделік студенттің тәжірибе кезіндегі ең басты құралы болып табылады сонымен қатар оған күнделікті қандай жұмыс атқарғандығын, қандай ақпараттарды жинағандығы туралы көрсетіп жазып отыруы тиіс. Күнделікті кәсіпорында бекіткен жетекші күнделікті бақылап отыруы қажет.

Тәжірибенің қорытындысын тәжірибе есебінде жазып, белгіленген уақытта тапсырылады.

Өндірістік тәжірибенің барлық есебін студент қорғайды және тәжірибе жетекшісі тәжірибе бағасын бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Егер студенттер тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламасын белгілі бір себепті жағдаймен орындамаса онда екінші рет тәжірибеге жолдама алып, сабақтан тыс уақытта өтуге мүмкіншілігі бар. Ал егер де студенттер тәжірибенің жұмыс бағдарламасын себепсіз орындамаса немесе қанағаттандырылықсыз баға алса, онда колледждегі өндірістік тәжірибенің Ережесіне және колледждегі студенттің ағымдағы бақылу үлгерімі мен аралық аттестацияның Ережесіне сәйкес академиялық қарыз ретінде коллежден шығарылады.

ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

ӨО және КП 00	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика		
ӨО. 01	Өндірістік оқыту		
ӨО. 01.1	Медициналық - санитарлық практика Азаматтық қорғаныстағы медициналық қызметті ұйымдастыру негіздері Және оның міндеттері. Бақытсыздық жағдайға ұшырағанда, жарақат алған кезде және төтенше жағдайда зардап шеккендерге алғашқы	Дағдылар: - бала ағзасы құрылысының ерекшелігі мен тіршілік әрекетінің негізгі үрдісі жағдайын ескеру; - адам өмірінің төтенше жағдайдағы қауіпсіздігін сақтау; - бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдай болған аймақтан халықты құтқару жұмыстарын	КҚ 3.1.1. КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.13 КҚ 3.2.3 КҚ 3.2.11

	медициналық көмек көрсетудің нормативтерін орындау. Уландырғыш заттармен зақымдану және улану жағдайындағы алғашқы медициналық көмек. Жұқпалы аурулар және олармен күресу шаралары. Жарақаттанған науқас адамдарды күту және медициналық мекемелердегі емдеу шараларын жүргізу..	жүргізу; - төтенше жағдайда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету; Іскерліктер: - төтенше жағдайда қорғану шараларын жасау; - төтенше жағдай болған аймақта өзін және өзгелерді құтқару жолдарын меңгеру; - төтенше жағдайда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін меңгеру; - зардап шеккендерге таңу, тасымалдау, дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету.	
ӨО 01.2	Компьютерлік технология бойынша практика Операциялық жүйелер. Word текстік редакторы. Excel электронды кестесі Power Point бағдарламасы.	Дағдылар: - компьютер сыныбындағы қауіпсіздік ережелерін, гигиеналық талаптарды орындау; - компьютерде	КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.9 КҚ 3.1.11

	Деректер базасын басқару жүйесі. Офистік құрылғыларды басқару жүйелері. Компьютерлік желілер. Мультимедиа мүмкіндіктері.	мәтіндік және графиктік ақпараттарды жылдам теру; - Power Point бағдарламасының негізгі ұғымдарын, слайдпен жұмыс істеу режимдерін орындау; - оргтехникалық аппараттардың айырмашылықтарын ескеру; - жергілікті желі мен ауқымды желінің айырмашылығына сәйкес жұмыс жүргізу; - интернетке қосылу түрлерін, протокол, браузермен жұмыстарды жүргізу; - мультимедиялық технологияның жұмыс принциптерін орындау; - компьютердің аппараттық бөлігіне қойылатын талаптарды сақтау; Іскерліктер: - аудио-видео цифрлық	
--	---	--	--

		технологияның мүмкіндіктерін қолдану; - гипермәтін, мультимедиялық құжатты презентацияны көрсету; - терезелермен негізгі операцияларды орындау; - мәтін ішінде графикалық объектілерді орнату; -диаграмма құру; - сурет салу, бұру, созу, қисайту операцияларын орындау; -кесте даярлау, өңдеу; -анимациялық эффектiлердi, cілтемелер орнату; -принтердi, сканердi көшiру аппараттарын пайдалану; -желiде хабар алмасу және бағдарламаларын орнату; -электрондық пошта, чат оқу процесiнде пайдалану.	
--	--	---	--

ӨО. 01.3	Байқау практикасына дайындық Базалық мектепке дейінгі ұйымдардың базасы. Педагогикалық ұжым мен жас ерекшелік топтарындағы балалар. Оқу – тәрбие жұмыстарының жоспары. Жоспар негізінде жұмыстарды ұйымдастыру. Табиғат бұрышында, жер учаскесінде бақылау, еңбек жұмыстарының түрлері. Психологиялық – педагогикалық диагностика. Практика күнделіктері мен есеп. Педагогикалық кеңестерге қатысу. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар Балаларға мінездеме жазу. Байқау сабақтарын өткізу. Озық педагогикалық іс-тәжірибелері. Талдау мәселелері.	Дағдылар: - мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру бағдарламасының мазмұнына сай мақсат - міндеттерін орындау; - техникалық және өрт қауіпсіздігі шараларының талаптарын орындау. Іскерліктер: - мектепке дейінгі мекемелердегі жұмыстарды жоспарын жоспарлау; - спорттық ойындар, мерекелер, ертеңгіліктер мен ойын – сауық сценарийларын құру; - ата –аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру; - жас ерекшелік топтарындағы балалармен оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру; - жас ерекшелік топтарындағы оқу -	КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.5 КҚ 3.1.7 КҚ 3.1.10 КҚ 3.1.11
---------------------	--	--	--

	Техникалық және өрт қауіпсіздігі шаралары.	тәрбие жұмыстарының көрнекіліктерін, жоспарларын, сценарийлерін құру; - балаларға мінездеме жазуды, диагностикалау, жүргізілген жұмыстар бойынша күнделіктер мен есеп жазу; - байқау сабақтарын өткізіп, дидактикалық талдау жүргізу; - көрнекі құралдарды әзірлеп, оларды пайдалану.	
ӨО. 01.4	Табиғаттану және экология практикасы Қоршаған ортамен табиғат бұрышындағы жануарлар. Мектепке дейінгі ұйымдардағы, колледждегі учаскені көгалдандыру. Фенологиялық бақылау. Экобио орталықтарында, өлкетану мұражайларына, ботаникалық	Дағдылар: - балаларды табиғатпен таныстыру бойынша білім беретін, тәрбиелейтін жұмыстарды жүргізу; - педагогикалық технологияларды қолдану; - маусымдық жұмыстарды ұйымдастырудың әдіс – тәсілдерін,	КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.8 КҚ 3.1.10

	баққа, зообаққа саяхат жасау. Дүниетану зертханасын немесе кабинетін гүлдендіру. Гербарий, жәндіктер колекциясын ұйымдастыру. Табиғатты қорғау және бақылау жұмыстары.	нысандарын анықтау; - экопост пен экобақылау жұмыстарын ұйымдастыру; - табиғат туралы түсініктер қалыптастыру; - жергілікті жердің климаттық ерекшеліктерін анықтау; қоршаған ортаны және табиғатты қорғау бойынша ғылыми – зерттеу жұмыстарды жүргізу; - экологиялық міндеттерді шешу жолдарын табу; Іскерліктер: - оқытудың дамытушылық, тәрбиелеушілік міндеттерін анықтау және жүзеге асыру; - сабақтарда, бақылау кездерінде, саяхатта, серуенде және күнделікті өмірде экология және табиғат туралы ұғым қалыптастыру;	
--	--	--	--

		- табиғатты және экологияны қорғау бойынша балалармен түрлі жұмыстар өткізуге, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру; - табиғат бұрышына объектілерді іріктеу, орналастыру және балалардың табиғатқа қамқорлық пен сүйіспеншілік қатынастарын қалыптастыру; - табиғатты және табиғи құбылыстарды бақылау, табиғат күнтізбесін жүргізу; - педагогикалық технологиялары балаларды табиғи құбылыстармен таныстыру үрдісінде қолдану; - мектепке дейінгі ұжымдардың учаскесін көгалдандыру; - фенологиялық бақылау жасау; - гербарий,	
--	--	---	--

		жәндіктер коллекциясын, табиғатты қорғау және бақылау жұмыстарын ұйымдастыру; - бөлме өсімдіктерін күтіп – баптау, ауланы гүлдендіру жұмыстарын орындау; - табиғат бұрышындағы жануарларға қоңырлық жасау.	
ӨО 01.5	Жазғы педагогикалық практикаға дайындық Практиканың бағдарламасымен, санитарлық – гигиеналық талаптарымен, жазғы сауықтыру топтарындағы ережелермен танысу. Мектепке дейінгі мекемелердегі жазғы жұмыстың үлгі жоспарын жоспарлау. Жазғы сауықтыру топтарындағы тәрбиешілердің жұмыс жүйесімен танысу. Балалармен	Дағдылар: - кәсіптік тәжірибенің мақсаты мен міндеттеріне сай жоспарлау; - техникалық және өрт қауіпсіздігі шараларының талаптарын орындау; - балаларды психологиялық-педагогикалық дамыту бойынша жұмыстар жоспарлау, өткізу; Іскерліктер: - мектепке дейінгі мекемелерде жазғы жұмыстарды жоспарлау;	КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.7 КҚ 3.1.10 КҚ 3.1.11 КҚ 3.1.12

	ұйымдастыр ылатын спорттық ойындар, мерекелер, ертеңгілік тердің жоспарларын мен ойын – сауық сценарий ларын құру. Ата –аналар мен жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Баланың жеке тұлғасы мен ұжымды диагностикалау бойынша материалдар әзірлеу. Балалар мен ұжымды зерттеу әдістері: социометрия, балалардың белсенділіктерін, эмоцияларын, шығарма шылық деңгейлерін, қызығушылықтарын анықтау әдістері. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік, жолда жүру және өрт қауіпсіздігі техникалары. Балалар мен бүлдіршіндер бақшасының құжаттары.	- спорттық ойындар, мерекелер, ертеңгіліктер мен ойын – сауық сценарийларын құру; - ата –аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру; - жас ерекшелік топтарындағы балалармен оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру; - режимдік үрдістер мен сауықтыру шараларының жоспар конспектісін құрастыру; - дидактика мен жеке пәндер әдістемелерін зерделеу барысында алған білімдерін шығармашылықпен пайдалану; - балалардың ойын, еңбек, дене тәрбиесі іс әрекеттерін ұйымдастыру; - көрнекі құралдар мен дидактикалық	
--	--	--	--

		материалдар дайындау; - инновациялық озық педагогикалық тәжірибелерді жұмыс барысында қолдану.	
ӨО. 01.6	«Баланың мектептегі алғашқы күні» практикасы Алғашқы қоңырауға дайындық, қатысу, талдау. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының сабақтастығы. Алғашқы күндердегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үрдісінің ерекшеліктерін бақылау. Оқушылардың алғашқы күндері, мектепке бейімделуі. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстары. Оқу – тәрбие процессінде қолданылатын педагогикалық технологиялар. Үзіліс кезіндегі	Дағдылар: - педагогикалық технологиялар мен көрнекі құралдар қолдану; - оқушылардың бейімделу кезеңдері туралы күнделік толтыру; -- өз бетінше кәсіби іскерлігін дамыту, мұғалімге көмектесу; - үзіліс кезінде түрлі дамытушылық, қызықты ойындар ұйымдастыру, оқушыларды қабылдау, үйлеріне жеткізу т.б. жұмыстарды орындау; Іскерліктер: - алғашқы күндердегі оқушылардың мектепке бейімделу кезеңін бақылау, талдау	КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.9 КҚ 3.1.10 КҚ 3.1.11

	сергіту сәттерін, ойындарды ұйымдастыру, мұғалімдерге көмек көрсету. Диагностикалау. Мұғалімнің бастауыш сынып оқушыларымен қарым – қатынасы. Тәжірибе барысында қалыптастырылған құзыреттіліктердің тізімін құрастыру. Шығарма жазу. Теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру. Диплом қорғау үшін материалдар жинақтау.	және ерекшеліктерін анықтау (мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының сабақтастығына байланысты); - бірінші сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының жинақтау әдісі мен талаптары туралы білімдерін тереңдету; - апталық оқу – тәрбие жұмыстарын жоспарлау; - алғашқы күндердегі оқытудың мазмұнын, сабақтың әдіс – тәсілдерін зерделеу; - бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен ерекшеліктерін зерделеу және ата-ананың 1 - сыныпқа оқушыны	
--	--	---	--

		даярлаудағы ролін анықтау; - алғашқы күндердегі оқушының мектепке бейімделуін диагностикалау және талдау жүргізу және балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтау.	
ӨО. 01.7	Дипломалды практикасына дайындық Практика базаларымен табысу. Барлық пәндер бойынша практикант папкасын әзірлеу. Білім көрмесіне дайындалу. Мектепке дейінгі мекемелерде өз беттерімен жұмыс жүргізуге дайындалу. Болашақ тәрбиеші портфолиосын қорғау. Жобалардың тұсаукесерлерін жасау..	Дағдылар: - мектепке дейінгі ұйымдардағы пәндер бойынша технологияны қолдану; - сабақта инновациялық технологияларды қолдану; - болашақ тәрбиеші портфолиосын әзірлеу; - білім алушылардың алдыңғы курстарда алған педагогикалық білім, білік және дағдыларын жетілдіру, олардың дербес кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке	КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.7 КҚ 3.1.10 ПК 3.1.11 КҚ 3.1.12 КҚ 3.1.13

		дайындықтарының деңгейлерін анықтау; Іскерліктер: - сабақтар мен режимдік процестердің конспект – жоспарларын құрастыру; - пәндер бойынша әдістемелік ақпараттар іздеу, алу жолдарын меңгеру; - компьютерді, интерактивті тақтаны және Интернет жүйесін сабақта қолдану тәсілдерін меңгеру.	
КП.02	Кәсіптік практика		
КП. 02.1	Жазғы педагогикалық практика Мектепке дейінгі сауықтыру және қайта қалпына келтіру ұйымдары. Ұйымдастырушылық –педагогикалық жұмыстар. Педагогикалық ұжым .Жас ерекшелігі, физиологиялық және психологиялық	Дағдылар: - жазғы оқу – тәрбие және сауықтыру жұмыстарының жоспарын құру; - мерекелік байқаулар, сайыстар, ойын-сауықтар, саяхаттар ұйымдастыру талаптарын орындау; - тәрбие	КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.7 КҚ 3.1.10 КҚ 3.1.11

	ерекшелік топтарындағы балалармен жұмыс. Жазғы оқу –тәрбие және сауықтыру жұмыстары. Мерекелік байқаулар, сайыстар, ойын-сауықтар, саяхаттар. Балалардың көркем әдебиет арқылы патриоттық, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар. Педагогикалық-психологиялық диагностика. Техникалық және өрт қауіпсіздігі шаралары.	жұмыстарының мақсаты мен міндеттерін анықтау; - педагогикалық іс-әрекетті талдап, пайымдап отыру, күнделік жүргізу; Іскерліктер: - жазғы лагерь жағдайында балалармен және жасөспірімдермен педагогикалық дұрыс қарым-қатынас орнату; - жоспар негізінде әртүрлі танымдық іс -шараларды ұйымдастыру; - ата-аналармен жұмыс жүргізу; - педагогикалық және психологиялық диагностикалау; - техникалық және өрт қауіпсіздігі шараларының талаптарын орындау; - педагогикалық этика талаптарын сақтау.	
КП. 02.2	Бақылау және байқау практикасы - «Тәрбиешінің алғашқы қадамы»	Дағдылар: - мектепке дейінгі ұйымдардың базасымен, оқу –	КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4

	Мектепке дейінгі мекеме (ұйым) базасымен таныстыру. Практика мақсаты, мазмұны, міндеттерімен таныстыру. Меңгеруші, әдіскер және тәрбиешілермен танысу. Ерте жастағы (1-3 жас) топ балаларының психологиялық даму ерекшеліктерін зерттеу. Режимдік сәттерді бақылау, сабақ өту барысын, ойын әрекетін ұйымдастыруын бақылау, талдау. Тәрбиешінің жұмыс жоспары. Тәрбиеші және көмекшінің жұмысын бақылау, талдау. Жас ерекшелік топтарындағы оқу – тәрбие бағдарлама сының мазмұнын салыстыру. Тәрбиешімен бірлесе жұмыс атқару. Білім алушылар бөлінген жас ерекшелік топтарда режимдік сәттерді өз бетінше өткізу.	тәрбие жұмыстарының әдіс - тәсілдерімен танысу; - балалармен оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды педагогикалық жетілдіру; - естиярлар топтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының түрлерімен, әдіс-тәсілдерімен танысу; - мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу – тәрбие жұмыстарын жоспарлай білу, балалармен іс – шаралар өткізуде білімдерін, біліктіліктерін іскерлікпен пайдалану; Іскерліктер: - білім алушыларда балалармен оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың алғашқы педагогикалық біліктіліктер мен дағдыларын	КҚ 3.1.5 КҚ 3.1.7 КҚ 3.1.10 КҚ 3.1.11
--	--	--	--

«Тәрбиеші және тәрбиешінің көмекшісі» Мектепке дейінгі кіші жастағы (4 - 6 жасқа дейінгі) топ балаларының режимдік процестерді, сабақтарды, ата - аналармен жұмыстарын бақылап, талдау. Жас ерекшелік топтардағы жұмыстардың бағдарламалық мазмұны. Топтарға бөлу, топтағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін диагностикалау. Режимдік сәттерді өз бетінше өткізу, балаларда мәдени – гигиеналық дағдыларды және өзін - өзі қызмет ету дағдыларын тәрбиелеу. Сауықтыру - шынықтыру шараларын ұйымдастыру. Еңбек іс - әрекеті бойынша үлгі сабақ көрсету. Режимдік сәттерді	қалыптастыру; - педагогикалық мамандыққа деген сүйіспеншіліктерін арттыру білім алушылармен мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу – тәрбие жұмыстарын жоспарлау, білікті кадрлардың балалар іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы білімдерін, біліктіліктерін, дағдыларын іскерлікпен пайдалану жағдайын бақылау және үйрену; -1-кішкентайлар және 2-кішкентай топтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының түрлерін, нысандарын тәрбиеші мен әдіскердің көмегімен ұйымдастыруға үйрену; - білім алушылармен мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу –	
---	--	--

	жеке балалармен жұмыстарды өз бетінше өткізу. Балалар бақшасында ақыл-ой тәрбиесі бойынша тәрбиешінің жұмыс түрлері, қолданған оқу, көрнекі құралдарын және дидактикалық материалдарын бақылау, талдау. Тәрбиешімен бірге жұмыс атқару. Режимдік сәттерді, табиғаттағы еңбек әрекетін өз бетінше өткізу Эстетикалық тәрбие бойынша тапсырманы орындау. Ойын - әрекетінен үлгі сабақ көру. Ойын бұрышы, педагогикалық талапқа сай жабдықталуы (барлық жас ерекшелік топтарында) бақылау, талдау. Тәрбиешінің сабақта, серуенде, ойын ұйымдастыруда қолданған педагогикалық технологиясының	тәрбие жұмыстарын жоспарлау, білікті кадрлардың балалар іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы білімдерін, біліктіліктерін, дағдыларын іскерлікпен пайдалану жағдайын бақылау және үйрену; - естиярлар және ересектер топтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының түрлерін, нысандарын тәрбиеші мен әдіскердің көмегімен ұйымдастыруға үйрену; - мектепке даярлық топтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының түрлерін, нысандарын тәрбиеші мен әдіскердің көмегімен ұйымдастыруға үйрену; - әрбір	
--	--	---	--

тиімділігін, балалардың дербес іс - әрекеттерін бақылап, талдау. «Жас ерекшелік топтарындағы тәрбиешінің іс- әрекеті» Тәрбиешінің балалармен еңбек іс - әрекетінің ұйымдастыруын бақылау, талдау (ұжымдық еңбек, кезекші-лік, еңбек тапсырмасы) жеке балаларда еңбекке іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуын бақылау. Режимдік сәттерді өз бетінше өткізу, сенсорлық тәрбие бойынша жұмыстар ұйымдастыру, «Дене шынықтыру» пәнінен тапсырманы орындау. Тәрбиешінің жұмысын бақылау, көмек көрсету. Әдістемелік жұмыс бұрышына, жоспарына, құжаттарының жүргізілуіне назар аудару. Серуен	баланың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалар ұйымымен дербес жұмыс жүргізу;	
--	---	--

	кезінде балалармен ауладағы құстарға қамқорлық жұмыстарын жүргізу. Тәрбиешінің серуен кезінде балалармен табиғат құбылысын бақылаудағы басшылығы. Ойын бұрышында, ойын әрекетін және режимдік сәттерді өз бетінше өткізу. Ақыл-ой тәрбиесі бойынша жұмыстар жүргізу. Тіл дамыту әдістемесінен (қоршаған ортамен таныстыру) жас ерекшелік топтарда үлгі сабақтар бақылау, талдау. Балаларда мәдени - гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, өзі - өзіне қызмет жасауын басшылыққа алу. Патриоттық тәрбие бойынша жұмыстар жүргізу. Күннің екінші жартысында балалардың кезекшілік әрекетін ұйымдастыру. Психологиялық	
--	--	--

	диагностика жүргізу. Ертеңгі бой сергіту жаттығуларынан үлгі, бақылау, талдау. Гигиеналық талаптар, тәрбиешінің рөлі. Режимдік сәттерді, ертеңгі бой сергіту жаттығуларды өз бетінше өткізу, ата - аналармен жұмыс, ата - аналар бұрышын безендіру. Қоршаған орта объектілерімен табиғи құбылыстарын бақылау, талдау. «Өзін - өзі тану» әдістемесінен жас ерекшелік топтарда үлгі сабақтар. (бақылау, талдау.) Жас ерекшелік топтардағы ата – аналар жиналысына қатысу, ата – аналарға арналған тақырыптық көрмелерді бақылау және талдау.		
КП. 02.2	Байқау және бақылау практикалары 010102 З – <i>Тәрбиеші - ана</i> <i>(патронат</i>	Дағдылар: - мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілетін оқу-тәрбие	КҚ 3.2.1 КҚ 3.2.2 КҚ 3.2.3 КҚ 3.2.4 КҚ 3.2.5 КҚ 3.2.6

	<i>тәрбиешісі) біліктілігі бойынша</i> Базалық мектепке дейінгі ұжымдардың базасымен, педагогикалық ұжым мен жас ерекшелік топтарындағы балалармен танысу. Оқу – тәрбие жұмыстарының жоспарын құру. Әлеуметтік педагогтың жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру. Балаға әлеуметтік - психологиялық көмек көрсету. Психологиялық – педагогикалық диагностика жүргізу. Әлеуметтік педагогтің ерекше категориялы балалармен жұмысы. Балаларды әлеуметтік қорғау. Тәрбиеленуші мен баланың құқығы мен бостандығын жүзеге асыратын әлеуметтік қорғау мен көмек беру бойынша шаралар қолдану. Тәжірибе күнделіктері мен	жұмыстарын ұйымдастыру; - озық педагогикалық тәжірибелерді оқып-үйрену, талдау жасау; - ата –аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру; - өзін-өзі құқықтық тәрбиелеуді және ақпараттық жағынан хабардар болу; - әлеуметтік бақылау жүргізу; - әр түрлі категориядағы адамдармен жағымды қарым-қатынас жасау; Іскерліктер: - психологиялық-педагогикалық экспертиза жүргізу және тактикасын белгілеу. - жас ерекшелік топтарындағы балалармен оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру; - жас ерекшелік топтарындағы оқу - тәрбие жұмыстарының	КҚ 3.2.8 КҚ3.2.10 КҚ 3.2.11
--	---	---	--

есеп жүргізу. Педагогикалық кеңестерге қатысу. Ата-аналармен жұмыс жүргізу. Балаларға мінездеме жазу. Теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру. Диплом қорғау үшін материалдар жинақтау. Әлеуметтік педагог және оның кәсіби іс - әрекеті. Балалардың ақыл-ой және физиологиялық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау, олардың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтау. Тәрбиеленуші мен баланың мінезіндегі ауытқушылықтарды, қайшылықты жағдаяттарды, қызығушылықтарын және қажеттіліктерін, қиыншылықтарын мен проблемаларын анықтау және оларға дер кезінде әлеуметтік қолдау көрсету. Балаға	көрнекіліктерін, жоспарларын, сценарийлерін құру; - балаларға мінездеме жазу, диагностикалау, жүргізілген жұмыстар бойынша күнделіктер мен есеп жазу; - бала өмірін қорғау мен сақтаудың алдын алу; - әлеуметтік психологияның әдістерін пайдалану; - әлеуметтік педагог жұмысын ұйымдастырып, жоспарлау; - әлеуметтік педагогикалық әдістерді тиімді қолдану; - бала құқықтары туралы ҚР заңдарының және БҰҰ Бала құқығы конвенциясының негізінде балаларды қорғау; - шетелдегі әлеуметтік педагог пен әлеуметтік қызметкерлердің	
---	---	--

	отбасында еріп жүру кезінде кәсіби (зандық, материалдық, психологиялық, медициналық) патронатты тәрбиелеу мәселелері. Балаларға қажетті әлеумет-тік - ақпараттық, әлеуметтік - құқықтық, әлеуметтік-реабилитация лық, әлеуметтік - психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету.	жұмыс әдіснамаларын тәжірибеде қолдану.	
КП. 03	Диплом алдындағы практика		
	Диплом алдындағы практика Оқу–тәрбие, күнтізбектік-тақырыптық жұмыс жоспарлары негізінде дербес балабақша тәрбиешісінің функцияларын атқару. Ата-аналар жиналысын өткізу, баяндама, ұсыныстар жасау. Мектепке	Дағдылар: - мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, өткізу; - ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін ұйымдастыру; - әдістемелік әдебиеттермен, оқулықтармен	КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.3 КҚ 3.1.4 КҚ 3.1.5 КҚ 3.1.7 КҚ 3.1.10 КҚ 3.1.11 КҚ 3.2.1 КҚ 3.2.2 КҚ 3.2.3 КҚ 3.2.4

	дейінгі балалар ұйымдарымен мектеп жұмыстарын сабақтастыру. Балаларды мектепке дайындау. Мектепке саяхат жасау. Сабақтарға қатысу, талдау. Диагностика жүргізу. Мектепке дейінгі ұжымдардың бұрыштарын безендіру. Балалардың шығармашылық жұмыстарынан көрмелер ұйымдастыру. Теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру. Диплом қорғау үшін материалдар жинақтау.	жұмыс жүргізу; - көрнекі құралдарды дидактикалық талаптарға сәйкес таңдау, ақпараттық-техникалық оқыту құралдарын пайдалану; - оқу - әдістемелік жұмыстардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау және оларға сәйкес жұмыс мазмұны мен әдістемені таңдау; Іскерліктер: - мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау; - байқау сабақтары мен сабақтан тыс тәрбиелік іс-шараларды өткізу; - мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие жұмыстарын әдістемелік тұрғыдан талапқа сай ұйымдастырып, өткізу;	КҚ 3.2.5 КҚ 3.2.6 КҚ 3.2.8 КҚ 3.2.10 КҚ 3.2.11
--	--	---	---

		- кәсіби іс-әрекетінде теориялық білімдерін практикамен байланыстыру; - инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану. - мектепке дейінгі ұйымдар жағдайындағы кәсіби-педагогикалық үрдістің міндеттерін шешудегі арнайы құзыреттіліктер қалыптастыру; - бөбекжай н/е балалар бақшаларының жылдық оқу-тәрбие жоспары, тәрбиешінің жұмыс жоспары және оқу - әдістемелік құжаттар негізінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және тәрбиешімен, әдіскермен бірге талдау; - мектепке дейінгі жастағы баланы	
--	--	--	--

		оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру жұмыстарының нысандары мен әдістемелерді түрлендіріп қолдану - курстық жұмысқа материал жинақтау.	
--	--	--	--

ТӘЖІРИБЕ УАҚЫТЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР

Студент-машықкер балаларға адамгершілік, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесін берудің бірлігін қамтамасыз ете отырып, оқу тәрбие жұмыстарын жүргізеді, тәжірибе бағдарламасында қарастырылған жұмыстардың барлық түрін орындайды.

Әр студент тәжірибе кезінде жұмысын бастаған маман ретінде өзін жоғарғы моральдық сапаны игерген, қоғамдық белсенді, жұмысқа барынша берілген, балаларды педагогикалық кәсіпті сүйетін болашақ маман ретінде таныта білу керек. Ол тәртіптілік, ұйымшылдық және еңбексүйгіштік тұрғысынан басқаларға үлгі болу қажет.

Машықкер балалармен жұмыс істеу үрдісінде өзінің кәсіптік құдіретін көрсетуге ұмтылып, оқу-тәрбие мекемесі ұжымының өміріне белсене қатысуы керек.

Тәжірибеден шеттетілген немесе үзіліссіз тәжірибе кезіндегі жұмысы қанағаттанғысыз деп танылған студент сол семестрдің оқу жоспарын орындамаған деп саналады. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру» бөлімі кеңесінің шешімі бойынша оған колледждегі оқу сабақтарын қол үзбей қайтадан тәжірибеден өту мерзімі тағайындалуы мүмкін.

Жеке жоспарына сәйкес әр студент күн сайын 6 сағат мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істеу міндетті. Тәжірибенің барлық кезеңіне арналған жоспарды әр студент әдіскер және топ тәрбиешісімен бірлесіп жасайды.

Тәжірибенің бірінші аптасы мектепке дейінгі ұйыммен, топпен тәрбие жұмыстарының ұйымдастыруымен және топ балалармен танысуға арналады. Бірінші аптаның соңғы күндері машықкер барлық оқу және тәрбие жұмыстарын тәжірибе жетекшісі бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді.

Тәжірибенің барлық кезеңінде студент-машықкер жоспарға сәйкес:

- үздік тәрбиешілердің оқу іс-әрекетке және оқу іс-әрекеттен тыс жұмыстарына қатысады;
- барлық топтардағы студенттердің оқу іс-әрекетке және оқу іс-әрекеттен тыс жұмыстарына қатысады және оны талқылайды;
- оқу-тәрбие жұмыстары кезінде балалардың жас және жеке ерекшеліктерін зерделеп, бұл деректерді психологиялық және педагогикалық мінездеме берген кезде пайдаланылады;
- студенттер тәжірибе кезінде балалар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізуде топ тәрбиешісіне көмектеседі, барлық ағымдағы жұмыстарды орындайды (әңгіме өткізу, кезекшілікті ұйымдастыру, ойын іс-әрекетін ұйымдастыру, серуен және экскурсияға апару, ертеңгіліктер өткізу, ата-аналар жиналысын, сынақ шараларын өткізеді).
- Студент-машықкер бір мамандық бойынша тәжірибені өтер кезіңінде, кем дегенде 5 сынақ оқу іс-әрекетін өткізеді.

Оқу іс-әрекет пен тәрбие шараларының конспектілері топ тәрбиешілермен келісіп жасалады және оны өткізген бұрын 1-2 күн бұрын әдіскерлер бекітеді. Тәжірибе аяқталғаннан кейін студент 3 күн ішінде мынандай құжаттарды өткізеді:

1. толтырылған жұмыс жоспары және күнделік;
2. топқа, балаға, ұжымға психологиялық-педагогикалық мінездеме;
3. жоспар бойынша өткізілген оқу іс-әрекет технологиялық картасы;

4. ертеңгілік, ойын, таңертеңгілік жаттығу, режимдік сәттер, серуен немесе экскурсия конспектілері.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін студенттер қорытынды конференция өткізеді, онымен қатар топ әдіскері оқу және тәрбиелік жұмыстары үшін қорытынды баға қояды.

ТӘЖІРИБЕ ЕСЕБІНІҢ МАЗМҰНЫНА КІРЕТІНДЕР

Оқу тәжірибесі бойынша:

- ❖ жұмыс жоспары;
- ❖ бақылау күнделігі;
- ❖ оқу іс-әрекеттерінің технология карталары;
- ❖ тәрбие жұмыстарының (ертеңгілік сценарийлер) жоспарлары;
- ❖ сауалнамалар, тренингтер, психологиялық зерттеулер, көрнекі құралдар;
- ❖ ата-аналар жиналысының жоспары;
- ❖ топқа, ұжымға психологиялық-педагогикалық мінездеме;
- ❖ портфолио

Өндірістік тәжірибе бойынша:

- ❖ жұмыс жоспары;
- ❖ бақылау күнделігі;
- ❖ дербес өткізген оқу іс-әрекеттерінің технология карталары;
- ❖ тәрбие жұмыстарының (ертеңгілік сценарийлер) жоспарлары;
- ❖ сауалнамалар, тренингтер, психологиялық зерттеулер, көрнекі құралдар;
- ❖ ата-аналар жиналысының жоспары;
- ❖ топқа, ұжымға психологиялық-педагогикалық мінездеме;
- ❖ тәжірибе бойынша жазбаша есеп;
- ❖ мектепке дейінгі ұйым меңгерушісімен бекітіліп, тәжірибе бағасы қойылған машықкердің оқу тәрбие жұмысына мінездеме;
- ❖ портфолио

ТӘЖІРИБЕ ЕСЕБІН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бірінші беті - берілген үлгі бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісінің қолы мен мектепке дейінгі ұйымның мөрі басылады.

Мазмұны- есептің мазмұнында берілген сұрақтардың тізімі көрсетіледі.

Кіріспе - студенттің мектепке дейінгі ұйымда атқарған жұмысының зерттеу бағыты, мақсаты мен міндеттері сипатталады.

Негізгі бөлім -негізгі бөлім мазмұнын анықтайтын бастапқы құжаттар, есеп регистрлері, талдау кестелері мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттама, даму мектепке дейінгі ұйымның қарқыны, бағыты т.б. көрсетіледі.

Жеке тапсырма- өндірістік тәжірибе өту кезінде әр бір студент өзінің тәжірибе есебіне қажетті материалдарды жинап, колледждегі тәжірибе жетекшісінің берген тапсырмалары мен сұрақтарына жауап жазу, жинақтау.

Қорытынды- негізгі қорытынды мен атқарылған жұмыстың нәтижелері, мектепке дейінгі ұйымның қызметінің жақсаруы туралы іс-шаралар жазылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі- өндірістік тәжірибе бойынша есеп жазғанда теориялық бөлімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып жазу үшін ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып жазады.

Қосымша -мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын әр түрлі формадағы бланкілер, кестелер, графиктер т.б.

Күнделік- күнделікті орындаған жұмыстарын толық түрде жазып отыратын арнайы дәптер.

Өндірістік тәжірибенің есебін жазғанда тәжірибенің рәсімделуі туралы ережелерді міндетті түрде төмендегідей сақтауы тиіс.

Өндірістік тәжірибенің есебі А4 форматындағы қағазда рәсімделеді. Мазмұны логикалық тұрғыдан нақты және анық, мазмұнды жазылуы тиіс. Жұмыстың орындалу тәртібі : сол жағы-30 мм, оң жағы-15мм, үстіңгі жағы- 20мм, төменгі жағы-20мм. Шрифт- Times New Roman, кегль - 14, интервал- 1,5. Тәжірибе есебінің жалпы көлемі-30-дан 50 бетке дейін.

Барлықбеттер араб санымен төменгі жағындан өмірленуі керек, номер кіріспеденбасталып қойылады (бірінші бет тенөмір қойылмайды).

Есептіңәрбірбөліміжаңабеттенбасталады.

Бөлімніңқұрылымдарының

тақырыптарыжазуәріпіменортадажазылады.

Тақырыптыңжазылғансоңсоңынданүктеқойылмайдыжәнетақырыптыңастысызылмайды, сөздерітасымалданбайды және бөлімдердіңатауы мен мәтінніңарасында 3 интервал арақашықтықболуытиіс.

Көрнекілікматериалдарды тек кестетүріндеғанаемес, соныменқатар диаграмма, суреттүрінде де көрсетугеболады, бірақоларғаатауберіліп, міндеттітүрденөмірленуікерек.

Пайдаланылатынәдебиеттердіңсілтемесінбылайрәсімдеугеболады: Квадраттыжақшатүрінде, пайдаланылғанәдебиеттердіңнөмері мен бетікөрсетіледі, Мысалы: [4, с. 28].

Есептірәсімдегенде таза, әріжинақыболуыкерек.

Астана қаласы
Еуразия гуманитарлық институтының колледжі
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру»
бөлімінің 3 курс студенті
Кулмаева Тұмардың
байқау практикасынан жазған
ЕСЕБІ

Кулмаева Тұмар 30.11.15 -25.12.15 күндер аралығында №7 «Аққу» балабақшасының 2-кіші «БАЛАПАН» тобына іс-тәжірбиелік байқау практикасынан өтті . Тұмар алғашқы күндер топтағы тәрбиешімен балабақша меңгерушілер мен әдіскерлермен танысты, топтағы күн режимдерді қарады. Күннің екінші жартысында балаларды қабылдап режимдік процестерді жеке жүргізді. Жуыну процесінде жуыну бөлмесі баланың жас ерекшелігіне сай болуы раковиналар, сүлгілер бала бойына сай ілінуі .Балаларды жуытуда жеңдерін түріп шашпай ,төкпей, жуынуға дағдыландырды . Тамақтануда орындықта тұзу отыру ескерілді және сөйлемеуге үйретілді .Ұйқы процесінде бір қырымен керуетке бүкпей жатуға киімдерін жинап қоюға дағдыландырды. Аулада серуен ұйымдастырылды серуенге шығарда киімдерін киюге үйретілді .Серуен аяқталған соң ойыншықты жинастыруға дағдыландырды . Талапқа сай серуен 10 минут болады .Балаларға Тіл дамыту әдістеме бойынша сөздік қорын арттыру үшін балаларға дидактикалық ойындар мен ашық сабақ жүргізілді . «Жемістер» ойыны өткізілді .Мұнда балалар сөздігін арттыру үшін ойынға жақсы қатысты ойын өз мәресіне жетті .Сөзді айталмайтын балалар мен жеке жұмыс жүргізілді.Педагогика бойынша сенсорлық ойын жаттығу жүргізілді. Тақырбы: «Пішіндер» балаларға пішінің түсін,формасын сапасын, ажырата білуге үйретті ойынға

деген қызығушылығы артты .Тіл дамыту бойынша грамматикалық дұрыс сөйлеуге байланысты ойын ойнатылды ойын сұрақ жауап түрінде болды, балалар тез меңгеріп үйренді .Табиғаттану әдістеме бойынша серуенде балалар табиғат құбылысын бақылады .Күзгі мезгілді бақылап жапырақтар сарғаюды дала салқындайды, жаңбыр жауады деп балалар тәрбиешіге жауап береді .Математикна әдістеме бойынша жиын туралы көп ,аз деген ұғым бойынша КӨП зат деген ойын ойнатылды .Балалар картчкада аз көп екенін ажыратып аитып берді .Топтағы балалардың үлкенге құрметпен қарауға, силауға достарына деген аяушылық сезімі иқалыптасқан балаларда ізеттілік жие байқалады. Күннің екінші жартысында балалармен жеке-жеке жұмыстар өткізілді. Санамақ балаларды санауға үйретті, мақал-мәтел отан сүйюге жақсылыққа баулиды. Олар тез меңгеоуге үйренуге деген талпынысы артты.Қоршаған ортада әрбір кішкене бала өзін еркін сезіне біледі. Достарымен тәрбиешімен қарым-қатынас жасай біледі. Психалогиядан эксперемент түрлері өткізілді. Балаларға бсөз, бойыншық көрсетілді. Балалардың есте сақтау қабілетін арттырды.Балаларды топқа бөліп алып бсөз мұқият тыңдатылды. Бала кателеспей айтты 2-3секунт ішінде ойыншықты атады. Тіл дамыту әдістеме бойынша дидактикалық ойын өткізілді. Жаңа жылға дайындық жүргізді әр бала өз жекеленген тақпақтарын айтып аяз атаны қарсы алып сыйлықтарын алды. Балалар қуанышқа бөленді.

**«Еуразия гуманитарлық институтының колледжі»
мекемесінің 3 курс
білім алушысы
Қосылбай
Ақеркеге**

Мінездеме

«Еуразия гуманитарлық институты колледжі» мекемесінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша 3 курс білім алушысы Қосылбай Ақерке Астана қаласындағы №7 «Акку» балабақшасының «Балапан» тобында 30. 11.26. 12 .2014ж. аралығында практикадан өтті.

Тәжірибе барысында өзін жақсы жақтарынан көрсете білді. Балаларға түрлі ертегілер айтып беріп, олармен бірнеше жұмыстар ұйымдастырды. Түрлі көрнекіліктер жасап, тіл дамыту сабағынан «Біздің ойыншығымыз» атты оқу іс-әрекет өткізді. Сонымен қатар практика бағдарламасында көрсетілген жұмыстарды уақытында орындады.

Ақеркенің мінезі ашық, әдепті, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Өз жұмысына ынталы білім алушы. Ақерке практика кезінде бүлдіршіндермен ғана емес, тәрбиешілермен де жақсы қарым-қатынаста болды. Осы практикадан өту кезінде өзінің болашақта жақсы маман иесі болатынын дәлелдеді. Өзінің алған терең білімін, бүлдіршіндерді бақылауға деген қабілетін көрсете білді.

Ақеркенің болашақта білікті, білімді, үлгілі, адал қызмет ететін азаматша және өз маман иесі болатынына сенемін.

«Байқау және бақылау» тәжірибесінен алған бағасы «5» (өте жақсы).

№25 Технологиялық карта

Білім беру саласы: шығармашылық, таным

Бөлімі: аппликация.

Тақырыбы: «Орамалды әшекейле».

Мақсаты: түстерді сәйкестендіріп сәндеу техникасы бойынша бұйымдарды әшекейлеуді үйрету; балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау: ұқыпты жапсыруға үйрету; ұсақ саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; сенсорикалық тәрбиені дамыту; достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.

Қажетті құрал – жабдықтар мен көрнекіліктер:

үлестермелі материалдар, қайшы, желім, желім жаққыш, түрлі орамалдардан жасалған көрме.

Алдын ала жүргізілетін жұмысы: неше түрлі орамалдардың суреттерін көрсетіп, олар туралы әңгіме өткізу.

Сөздік жұмыс: әшекей, үшбұрыш, пішін.

Билингвальды компонент: орамал – платок, көрме – выставка.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрететі	Балалардың іс-әрететі
Мотивациялық - қозғаушылық	Педагог шаттық шеңберін ұйымдастыруларын айтады.	Балалар шаттық шеңберін құрып тұрады. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! - деп бір- біріне

		күлкісыйлайды. («Өзін-өзі тану» пәні.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Педагог балаларды орамалдан жасалған көрмеге алып барып, көрмедегі заттардың атауын, пішіні, өрнегі, түсі, қолданылуы жайлы сұрайды. Педагог: - Балалар, нені тамашалап тұрсыңдар? Балалар, наурыз айында болатын қандай мерекелерді білесіңдер? 8 Наурыз мерекесі кімдердің мерекесі? - Ал сендер аналарыңызға сыйлық жасағыларың келеме? Олай болса, аналарға орамалды әшекейлейік. Балалар, қазір жапсыру оқу іс-әрекетіне осындай әдемі орамалды әшекейлейік. Үлестірмелі	Әрқайсысы орамал туралы білетіндерін айтады. - Неше түрлі орамалдарды көріп тұрмыз. Олар сондай әдемі екен. Мұндай орамалдар менің әжемде, анамда да бар. 8 Наурыз аналардың, әжелердің мерекесі. Бәрі жапсыру оқу іс-әрекетіне дайындалады. Үлестірмелі материалдың 70- бетін ашады. -Үшбұрышқа ұқсайды. -Көк түсті, сары шашақты.

	материалдың 70-бетіндегі орамалдың суретіне назар саламыз. -Орамалдың пішіні неге ұқсайды? -Түсі қандай? -Өрнектері қандай пішінді? -Дұрыс айтасындар? Билингвальды компонент: орамал-платок,көрме-выставка. 1. Үлестірмелі материалдың 72. – бетіндегі сары түсті үшбұрыштарды қиып алайық. Сергіту сәті. Педагог мәнерлеп өлең жол- дарын оқиды: Тербеледі ағаштар, Бетіме жел соғады. Кіп- кішентай ағаштар Биік болып өседі. 2. Үлді сызық бойымен үшбұрыштарды қиып, оларды бәріміз бірге қосылып санаймыз. -Балалар, неше үшбұрыш қидық? -Неше үлкен үшбұрыш бар?	-Үлкен және кішкене үшбұышты. Балалар «орамал-платон, көрме-выставка» сөзін қайталайды. 72 – беттегі сары үшбұрыштарды қиып алады. Балалар өлеңге сәйкес қимыл– қозғалыстар жасап, сергіту жаттығуын орындайды. Балалар қию, жапсыру жұмыстарын педагогпен бірге орындайды. – 1,2,3,4,...18 үшбұрыш қидық. –Біреу. Балалар жұмысты өте ұқыпты орындауға тырысады. Педагогтің айтқанындай етіп жапсырады.
--	--	---

Рефлексиялық-түзетушілік	-Дұрыс айтасындар, қалған 17-сі кішкене үшбұрыштар. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көмектеседі. Қиып алған үшбұрыштарымызбен 71-беттегі үлгі орамалды әшекейлеп жапсырайық. 1. Сол жағынан 7 үшбұрыш жапсырамыз. 2. Оң жасын да 7 үшбұрыш жапсырамыз. 3. Бір үшбұрышты орамалдың ұшына жапсырамыз. 4. Үлкен үшбұрышты және екі кішкене үшбұрышты ортасына жапсырамыз. Саусаққа арналған жаттығу. «Қуырмаш». Халық ауыз әдебиетінен. Балаларға бір – бірінің жұмыстарын көрсетіп бағалатады. Педагог балаларды мадақтайды.	Балалр жұптасып, «Қуырмаш» өлеңіне саусақ жаттығуларын жасайды. Балалр жұптасып, «Қуырмаш» өлеңіне саусақ жаттығуларын жасайды. Бір – бірінің жұмыстарын бағалайды. Жұмыс орындарын ретке келтіреді.
--	---	---

Күтілетін нәтиже:

жасайды: геометриялық пішіндерді қиып жасайды;

түсінеді: орамалдың тұрмыста қажеттігін; 8 Наурыз аналар мерекесіне сыйлық жасау керктігін;

қоданады: түстерді сәйкестендіріп отырып ұқыпты жұмыс істеуді.

**Астана қаласы Білім басқармасы
«Еуразия гуманитарлық институтының колледжі»
мекемесі**

*«Отбасы мен балабақша іргесі - бала».
Ата – аналар жиналысы
(Ересектер тобы)*

**Өткізген: Әбдірахман Г.
Жетекші: Абсалямова Т.К.**

Астана 2015 ж.

Мақсаты: Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру.

Міндетті: Балабақшадағы тәрбие жұмысының нәтижелігінің бір ұшы ата-аналармен, балабақшаның бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда тәрбиеші негізгі рөл атқарады. Тәрбиеші мен ата-аналардың өзара қатынасы міндеттерінің ең негізгісі — психологиялық-педагогикалық білімдерін көтеру болып табылады.

Мазмұны: ата-аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастары мен дұрыс бағдарын және баланың ата-анасына, жақындарына мейірімі мен сыйластығын қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, тренинг жаттығулар, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: слайд шоу, нақыл сөздер жазылған плакат, стикер ағаш құрылысы (бұтақ, жапырақ, тамыр, дін, алма), қағаздан жасалған гүл.

Құрал-жабдықтар: орамал, сүлгі (салфетка), ыдыстағы су, қайшы, түрлі түсті қағаз.

Жиналысқа қатысқандар саны: 25

Қатыспағандар саны: -25

Бүгінгі ата-аналар жиналысымыздың тақырыбы: «Отбасы мен балабақша іргесі - бала».

Барысы: Армысыздар құрметті ата-аналар! Бүгін сізбен бізді байланыстырып отырған бала тәрбиесі жөнінде, оларға деген қамқорлық мен мейірімділік жайында тренингтік жаттығулар өткізсек дей келе жиналысымыздың ашылуына рұқсат етсеңіздер!

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Шаттық шеңбер. Танысу.
2. «Өзінді-өзің танысаң – істің басы».

3. «Отбасы мен балабақша іргесі - бала».
4. «Аялы алақан» тренинг жаттығу.
5. Ата-анаға кеңес.
6. Жүректен жүрекке. Рефлексия.

Бүгінгі ата-аналар жиналысымыздың хаттамасын толтыруға хатшы сайлайық.

Сіздерді ортаға шаттық шеңберіне шақырамын.

1. Шаттық шеңбері:

Дөңгеленіп тұрайық
Керегені құрайық.
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп
Киіз үйді құрайық.

Міне сіздермен біз үлкен киіз үйді құрдық. Осы киіз үй сияқты біздің балабақшамыздың қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.

Танысу: Бір шаңырақ иесі ретінде бір-бірімізбен жақынырақ танысайық. Мына үлгі бойынша: өз есіміңіздің алдына сын есім қосып айтасыз. Мысалы: мен гүлдей Гүлнұрмын. Олай болса барлығымыз орнымызға жайғасайық.

2. «Өзінді-өзің танысаң — істің басы».

Жақсы немесе жаман қасиеттер тренинг жаттығуы — Абай атамыздың «Сегіз батыр» деп басталатын жұмбағы еске түседі.

Алла мықты жаратқан сегіз батыр,
Баяғыдан соғысып әлі жатыр.
Кезек-кезек жығылып, жатып тұрып,
Кім женері белгісіз түбінде ақыр.

Міне, осы жұмбақтың жауабы сегіз батырдың біріншісі «жақсылық» болса, екіншісі «жамандық» екен. Кез келген адамнан ол екеуін табу үшін айнадағы бейнемізге қарап ойланамыз. Ал, енді сіздер берілген

парақтың оң жағына жақсы , сол жағына жаман қасиеттеріңізді жазасыздар.

1. Қандай қасиеттерді көп жаздыңыздар?
2. Қайсысынан өзіңізді көбірек таптыңыз?
3. Осыған дейін осы қасиеттер жайлы ойланып көрдіңіз бе?

(Барлығы жазған қасиеттерін оқып шығады). Жаман қасиеттеріңізден арылу үшін, жаман қасиеттер жазылған жағын жыртып алып «менің бойымнан осы жаман қасиеттер мәңгіге жоғалсын» — деп айтып ұсақтап жыртып тастаймыз. Бала ата-ананың айнасы-демекші, баламыздың бойына өз бойымыздағы жақсы қасиеттерді сіңіре білейік. Жақсы қасиеттерді одан әрімен ашылуына өзіміз ықпал жасауымыз керек. Қазір жабық тұрған гүл ішіне бізге керек жақсы қасиеттің бірін жазып, ашылуына көмектесейік. (Оны қиып суға саламыз. Сол кезде гүл ашылады.) Яғни, сіздер де жақсы қасиетке қол жеткізуге талпыныңыздар!

3.«Отбасы мен балабақша іргесі - бала».

«Балалы үй базар» демекші, отбасы мен балабақшаны байланыстырып тұрған балалар. Бала ең алдымен отбасында ата-анасын танып, жақсы көреді. Кейін айналаны сезініп, көбірек білуге тырысады. Ең алғаш тәрбиені отбасынан алады. Отбасынан келген бала үшін топ ең алғашқы ұжым екенін ескере отырып, тәрбиеші балаларды жолдастыққа, достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Тәрбиеші топ балаларымен қандай қарым-қатынаста болса, балаларда бір-бірімен сондай қарым-қатынаста болады. «Отбасы - деген не?» сұрағын тереңірек қарастырамыз.

- Сіздер қалай ойлайсыздар, отбасы деген не?
- Отбасы бір-біріне қамқорлық жасайтын, бәрі бірге тұратын үлкен адамдар мен балалар. Отбасы әртүрлі: үлкен де, кіші де болады.
- Отбасы неге ұқсайды? Немен теңестіруге болады?
- Бес саусаққа, үюлі жидекке, ағашқа ұқсайды.

- Меніңше отбасы ағашқа көбірек ұқсайды. Олай болса, алдарымыздағы ағаш бөліктерін дұрыс орналастырсақ үлкен бір ағашты құрастырамыз.
- Жемістер – балалар.
- Ал жеміс неде өседі?
- Бұтақта.
- Жемістер кімге риза болып өседі?
- Ата-анаға. Бұтақ – ата-ана.
- Ал бұтақтар да бірдеңеде өседі ғой?
- Ағаш діңінде өседі. Ағаш діңі – ата-әже.
- Ағаштың мықты болып өсуі неге байланысты?
- Тамырына байланысты.
- Тамыры – үлкен ата-әжелерің.

Олай болса, дәл осы ағашты пайдалана отырып, ересек тобының жаңашыр, ұйымшыл, ата-аналардың тобының құрамының тірек, мәулім ағашын құрастырайық. (Ата-аналар берілген тірек ағаш макетінен (тамыры, бұтағы, жапырақтары, діңі, алма) топ ағашын құрастырады.)

Міне, біз жаңа ата-аналар тобының құрамының тірек ағашын құрастырдық. Отбасын ұғымын тереңірек түсіністік.

4. «Аялы алақан» тренинг жаттығу.

Мақсаты: Ата—ананың баласына қаншалықты мейірім, уақыт бөлетінін анықтау, әр кезде уақыт тауып, мейірімділік көрсетуге баулу.

10 ата-ананы балаларымен ортаға шақырамыз. (Ата — аналардың көздері байлаулы(орамалмен салфетка қолданып көздерін байлау) өз баласын қолынан танып алу керек).

1. Балаңызды қалай таныдыңыз?
2. Балаңызды тани алмаймын —ау деген қорқыныш болды ма?
3. Балаңызды тани алмаған кезде қандай сезімде болдыңыз?
4. Балаңызды қолынан ұстап танитыныңызға сенімді болдыңыз ба?

Аялы алақанға байланысты мен бір өсиет әңгімеге тоқталғым келеді.

Өсиет әңгіме. Жағдайлы бір отбасы баласын ешкімнен кем өсіргісі келмей барлық жағдайын жасайды. Қазіргі заманның озық технологиясымен жасалынған ойыншықтар, компьютер, тіптен қымбат телефонды да алып береді. Бірақ баласы осының бәріне қанағаттанбай, күнде ата-анасының жұмысқа кетпеуін өтінеді. Ата-анасы жұмысқа бармаса болмайтынын, ақша табатынын баласына түсіндіреді. Ал, баласы осы сәтте ата-анасының күніне қанша ақша табатынын сұрап біледі.

Бала сол күннен бастап ата-анасының өзіне тастап кетіп жүрген ақшасын жұмсамай жинай бастайды. Жинаған ақшасы ата-анасының бір күндік табысына жеткен күні бала ата-анасына өтініш жасайды.
— Әке, ана! Бүгін жұмысқа бармай бір күндеріңізді маған қиыңыздаршы.

Бір күнгі табыстарыңызды мен төлейін депті. (Қалай ойлайсыздар бала неге өтінді?) Міне, ата-ананың аялы алақанының әсері балаға күн сәулесімен бірдей, мұны басқа ешбір нәрсе ауыстыру мүмкін емес.

5. Ата-анаға кеңес.

Міне, баламыз қандай күйге түсті, құрметті ата-ана. Мұндай күйге түспес үшін баламызға неге болмайтынын, «өйткені» сөзін қолдана отырып түсіндіруіміз керек. Сонда ғана сіз бала тәрбиесінде мақсатыңызға жете аласыз. (Слайд ата-анаға кеңес.)

6. Жүректен жүрекке. Рефлексия.

Құрметті ата-аналар! Енді осы балапандарымызға жүрегімізден шыққан жылы сөздеріңізбен, тілектеріңізді қағазға (жапырақ) жазып ағашты көркейтейік.

Жүректен шыққан тілектеріңіз әрдайым жер бетіндегі балаларды қолдап желеп-жебеп жүрсін дегім келеді.

Ризамын әні.

«Түрлі-түсті көліктер» қимылды-қозғалыс ойыны

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту.

Құрал-жабдықтар: жалау(сары, қызыл, жасыл), көліктер, рул,

Барысы: Балалар бөлменің қабырғасының жанында тұрады. Олар – гараждағы көліктер. Тәрбиеші бөлменің ортасында тұрып, ойнаушыларға (балаларға) қарап тұрады. Оның қолында бір жалауша (екі немесе үш) біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, бұрылып, гаражға барады. Ойын 4-6 рет қайталанады.

Ойынның шарты : балалар -«көліктер» бір-біріне соқтығысып және кедергі жасамауы керек.

Ұсыныс: Тәрбиешіде қызыл түсті жалау болуы мүмкін.

Байқаусызда ол жалауды көтереді – белгі бойынша барлық көліктер тоқталуы қажет.

**Жас ерекшеліктері бойынша дене тәрбиесі мерекелері
мен ойын – сауықтардың үлгі жоспарлары
«Цирк әлеміне саяхат»**

3-4 жас

Балалар залға кіреді, орындықтарға отырады. Залдың ортасында әдемі қорапша тұрады.

Жүргізуші: - Балалар, қараңдаршы біреу мұнда қорапша тастап кетіпті. Ішінде не бар екенін ашып көрейік пе?

(Қорапты ашса ішінен теледидардың пульті шығады)

Балалар, қораптың ішінде теледидардың пульті жатыр. Бұл нге болды екен? Қане, теледидарды қосып көрейік. (Теледидарды қосады, оның ішінен сайқымазақ - Клетка сөйлейді)

Клетка: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Көңіл – күйлерін қалай? Мен – сайқымазақ Клепкамын! Бүгін мен сендерді Цирк әлеміне шақырамын! Келесіңдер ме? Олай болса алдарындағы қорапшада Циркке кіретін билет – алқалар бар. Оларды мойындарыңа тағып, көздерің жұмып «Бір, екі, үш! Болсын қазір фокус!»- деп айтсаңдар Цирк әлеміне тап боласыңдар. Мен сендерді күтемін!

Жүргізуші: - Балалар, бұған не айтасыңдар? Сайқымазақ Клепка Цирк әлеміне шақырып жатыр, барамыз ба? Олай болса қораптан билет- алқаларды алып тағып алайық та Клепканың айтқан сөздерін айтайық. (Билет- алқалар: 3сайқымазақтың суреті, 3аюдың суреті,3ковбойдың суреті, 3сиқыршының суреті,3гимнастшының суреті)

Цирк әлемі ашылады (музыка әуені ойналады)
Екі билет тексерушілер балалардың билеттерін обрұчтан өткізу арқылы тексеріп цирк залына отырғызады.

Клепка ысқырғышымен шығып балалармен « Қағып ал» ойынын ойнайды. (Клепканың бір қолында тегеш, бір қолында доп болады. Клепка допты балаларға лақтырып, тегешке сал деп ымдайды. Допты тегешке түсіре алмаса,

қолын сермеп ары қарай кетеді, тура түссе баланың қолын алып құттықтайды).

Клепка: - Балалар, цирктің 1тапсырмасын орындау үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер тауып көріңдер:
Түрі өие күлкілі

Іс- қимылы күлдіргі (Сайқымазақ)

Клепка: - Иа! Әрине, ол менмін! Ортаға менің суретім бар алқаны тағып алған балаларды шақырамын!

1- Тапсырма:

1.1 Допты қарама-қарсы тұрып бір-біріне лақтыру;

1.2 Допты жоғары лақтыру, қағып алу;

1.3 Жіптің үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру;

Жүргізуші: -Ал, ендігі тапсырманы орындатуға кім келетінін білесіңдер ме? Онда жұмбақты шешіп көріңдер:
Жеміс-жидек жегені,

Балды жақсы көреді.

Ол кім? (Аю)

Залға қорбандап аю келеді.

Аю: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің тапсырмаларымды орындауға дайынсыңдар ма? Олай болса, ортаға аюдың суреті бар алқа таққан балаларды шақырамын.

2-тапсырма:

2.1. Самакатпен келгендерді айнала жүріп өту;

2.2. Төсініштің үстінде шалқалап жатып велосипед жаттығуын орындау.

Аю балаларға риза болып, олармен қоштасады.

Клепка: - Енді менің кезегім! Енді менің кезегім!

Жүргізуші: -Не болды, Клепка?! Ненің кезегі?

Клепка: - Цирк әлемінде балаларға келесі тапсырманы орындатуға кім келетінін анықтау менің кезегім!

Жүргізуші: -А-а, әрине сенің кезегің Клепка! Олай болса балаларға жұмбағыңды жасыр.

Клепка: - Ат үстінде жүгіреді,

Әрдайым шляпасын киеді. (Ковбой)

Залға ковбойшылар биімен аттылы Зорро кіреді.

Зорро: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің тапсырмам өте қиын. Оны орындау үшін мен ортаға батыр ковбойшыларды шақырамын. (Ортаға Зорроның суреті бар алқа таққан балалар шығады)

3- тапсырма:

1.1. Шеңбер бойымен қойылған обручтардың ортасымен атпен шауып өту;

1.2. Атпен шауып барып ілініп тұрған жалаушаларды әкелу;

Зорро балалармен қош айтысып, шауып кетеді.

Жүргізуші: - Ал енді, Клепка, таласпа! Келесі жұмбақты мен жасырамын. Ал сен балалармен бірге оның жауабын тауып көр.

Ғажайып құпия істері,

Сиқырдың түр-түрін біледі. (Сиқыршы)

Жүргізуші: -Жарайсыңдар, балалар! Жарайсың, Клепка!

Дәл таптыңдар! Цирк алаңында келесі өнер көрсететін, ол – Сиқыршы!

4-тапсырма:

Ортаға музыка әуенімен сиқыршы келіп сиқыр көрсетеді: Басындағы қалпағын алып оның ішіне қысқа лентаны балаларға көрсетіп салады да қалпақты сиқырлайды. Сонан соң қалпақтың ішінен ұзын лентаны алып шығады.

Әрі қарай ортаға сиқыршының суреті бар алқаны таққан балаларды ортаға шақырады. Ол балалардың алдына банкадағы су және қасында қақпағы қойлады. Бала қақпақты орамалмен бірге жауып сиқырлы сөздерді айтады. Орамалды ашқанда банкадағы су басқа түске боялады.

Сиқыршы сиқыр жасауға көмектескен балаларға алғыс айтып, балалармен қаштасады.

Клепка: - Балалар, келесі келетін адамды сендер өте жақсы танысыңдар. Сондықтан мен сендерге ол адам туралы жұмбақтап емес былайша сипаттап берейін: Ол ертегі кейіпкері, спортпен шұғылданады және оның достары, Сүйкімді Стефани, Жалқаубек, Қараубек, ұрыншақ Робби.

5-тапсырма:

1. Әр бала бір- бір гантельден алып 10рет көтереді.
(Балалар хормен санайды)
2. Шеңбер бойымен тұрып жалпы денені дамыту жаттығуларын орындайды

« Әрдайым спортпен шұғылданыңдар, жаттығу жасаңдар. Сонда өте сымбатты да сұлу боласыңдар!» - деген тілек білдіріп, Спортокус балалармен қоштасады.

Жүргізуші мен Клепка залдағы қорапқа балалардың назарын аударады:

Жүргізуші: - Клепка, балалар! Қарандаршы біреу мына жерге қорапша тастап кетіпті.

Клепка: -Ашайық! Ашайық! Ішінде не бар екенін көрейік!

Жүргізуші: Балалар, сендер не дейсіңдер? Ашып көреміз бе?

Барлығы қорапты ашса, ішінен хат шығады. «Балалар! Сендер бүгінгі цирк алаңында орындалған барлық тапсырмаларға белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар! Сендерге өте риза болдық, сондықтан өздерің көңіл – көтеріп, би билеу үшін мына сыйлықты қалдырдық! Сәлеммен : аю, Зорро,, Сиқыршы және Ержүрек Спортокус.»

Ойыншықтың музыкасы қосылып балалар би билеп, көңіл көтереді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі және қосымша әдебиеттер:

1. Мектеп жасына дейінгі педагогика, Оқу құралы, Алматы, «Мектеп», 1982 (аударма)
2. Ф.Н.Жұмабекова, Мектепке дейінгі педагогика, «Фолиант», Астана-2008
3. А.Т.Ақжанова, Б.П.Мырзатаева, 6-7 жастағы балалардың ұлттық психологиясын қалыптастыру, (оқу-әдістемелік құрал) Алматы, 2008 ж.
4. І.Меңжанова, Мектепке дейінгі педагогика, Оқу құралы, Алматы, «Рауан», 1992
5. Ю.В.Василькова, Т.А.Василькова, Социальная педагогика, Оқу құралы, Москва. «Академия», 1999
6. Балабақшадағы эстетикалық тәрбие, редакциясын басқарған Н.А. Ветлугина. Оқу құралы, Алматы, «Мектеп», 1983
7. Т.М.Куриленко, Г.Г.Петренко, Задачи и упражнения по дошкольной педагогике, Оқулық, Москва, «Просвещение», 1970
8. А.П.Черняковская, Педагогическая техника в работе учителя, Москва, Центр педагогических поиск, 2001
9. А.И.Савенко, Одоренные дети в детском саду и школе, Оқу құралы, Москва, «Академия», 2000
10. А.В.Хуторский, Современная дидактика, Оқулық, Санк-Петербург – Москва-Харьков-Минск, 2001
11. И.Н.Курочкина, Современный этикет и воспитание культуры поведения у дошкольников, Оқу құралы, Москва, «Владос», 2001
12. Н.О.Пичугина, Г.А.Айдашева, С.В.Ассаулова, Дошкольная педагогика, Конспект-лекция, Ростов-на-Дону, «Феникс», 2004
13. Н.Савельева, Настольная книга педагога психолога дошкольного образовательного учреждения, Оқу құралы, Ростов-на-Дону. «Феникс», 2004

14. Педагогическая практика, Под. Ред.
Г.М.Каджоспировой, Л.В.Бориковой, «Академия»,
М.,1998
15. Безруких М.М., С.П.Ефимова Ребенок идет в
школу, «Академия», М., 2000
16. Ковалева Е., Синицина Е., Готовим ребенка к
школе, «Лист-Нью», М.,2000
17. В.С.Мухина, Психология дошкольника. Москва
«Просвещение», 1975
18. И.П.Подласый, Педагогика. Оқулық – Москва,
«Владос», 2005 Ф.А.
19. Мустаева «Социальная педагогика» Москва,
Академический проект, 2003
20. Ю.В.Василькова «Социальная педагогика»
Москва, Академия, 1999
21. А.И.Антонов, В.М. Медков «Социология семьи»,
М.:Издво МГУ: Изд-во Международного
университета бизнеса и управления, 1996
22. Р.И.Бурганова. Научные основы подготовки
социальных педагогов к работе со студенческой
молодежью в сфере досуга: дисс. пед.наук:
13.00.08.Алматы, АГУ им.Абая, 2001. -148 с.
23. Г.К.Нургалиева. Сравнительная педагогика.
Алматы: Рауан, 1999
24. Гриценко В.В., Матвеев С.В., Шустов Н.Е.
Психолого-педагогическая практика в системе
образования: сб.программа пед. Практик –
Балашов: БГПИ, 2001.
25. Лучанкин А.И. Сняцкий А.А. Социально-клубная
работа с молодежью: проблемы и подходы –
Екатеринбург, 1997.
26. Мусаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік
педагогикасы – Алматы: Арман, 2003
27. Оразбекова К.А. Педагогикалық практика
күнделігі. – Алматы: Республикалық баспа
кабинеті, 1993
28. Оралбаева Н.О. Педагогикалық практика –
мамандыққа баулу сатысы. – Алматы: Арыс, 2000

29. Сысоева М.Е. Педагогическая практика. Справочник. Учебно-методическое пособие. – Москва:ЦГЛ, 2002
30. Сысоева М.Е., Организация летнего отдыха детей: учебно-методическое пособие – М., 1999.
31. Чепиков В.Т. Педагогическая практика в начальных классах. – Ростов-на-Дону: -Феникс, 2002.
32. Ядышко В.И., Волобуева Л.М. Педагогическая практика. – Москва: Академа, 1994

Қосымша әдебиеттер:

1. Г.Қ.Нурғалиева, А.Қ.Құсайынов, Қ.С.Мусин. Салыстырмалы педагогика. Оқулық – Алматы, «Рауан» ,
2. Ж.Б.Қоянбаева. Педагогика, Оқулық, Алматы. «Рауан» 2000
3. М.Жұмабаев, Педагогика, Оқулық , Алматы. «Ғылым», 1992
4. Педагогика, Редакциясын басқарған, П.И.Пидаксисто. Москва. Ресей педагогикалық қоғамы., 2000
5. И.Ф.Харламов, Педагогика, Оқу құралы, Минск. «Университетское», 2001
6. Г.М.Коджаспирова, Педагогика, Оқулық, Москва. «Гардарики», 2004
7. Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров, Педагогический словарь. Оқу құралы, Москва, «Академия», 2003
8. С.Л.Вигман, Педагогика, Оқу құралы, Москва «Проспект», 2005
9. В.Н.Белкина, Психология раннего и дошкольного детства. Москва. «Академический проспект», «Гаудеамус», 2005
10. Плоткин М. М. Педагогические условия социальной реабилитации подростков, М., 1994
11. Бочарова В.Г. Социальное воспитание учащихся, М.,1999

12. Вульфов Б.З., Семенов В.Д. Школа и социальная среда: взаимодействие. М., 1993
13. Бочарова В.Г. Социальная педагогика, Москва, 1994
14. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы
15. Бала құқығы туралы Конвенция.
16. Қазақстан Республикасының «Қазақстан балалары» атты бағдарламасы.
17. Прихожан А.И., Толстых Н.Н. Дети без семьи. – М., 1993
18. Джил Горелл Барис, Социальная с семьями в Англии. – М., 1993
19. Чарбинский С.И. Социальная работа и социальная программа В США. – М., 1996
20. Энциклопедия социальной работы: В 3т. – М., 1999
21. «Өзін-өзі тану» пәнінің Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Алматы, 2006
22. «Өзін-өзі тану» пәніне кіріспе оқу құралы, Алматы 2007.
23. «Өзін-өзі тану» хрестоматиясы, Алматы 2007.
24. «Өзін-өзі тану» оқытушыларға арналған әдістемелік құрал, Алматы 2007. Р.Ізғұттынова, Ұ.Әбдіғапбарова, Ж.Қажығалиева, Л.Сатымбаева, Г.Арипова, Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2010.
25. «Өзін-өзі тану» пәніне арналған әндер жинағы, Алматы, 2007.
26. «Патронат туралы» Ереже, ҚР Үкіметінің 09.09.1999 г. №1346. Қаулысымен бекітілген.
27. Пособие для патронатных воспитателей. Министерство образования и науки РК, Комитет по охране прав детей.

Оқу-әдістемелік құралдар:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тәрбиелеу мен оқыту (альтернативті)

бағдарламалары «Балбөбек», «Қайнар», «Қарлығаш», «Тэй, тэй», «Жеке тұлғаны дамыту». 2010

2. Ерте жастағы (1жастан 3 жасқа дейінгі) Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы, 2010
3. Мектепке дейінгі кіші жастағы (3 жастан бастап 5 жасқа дейінгі) Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы. 2010
4. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5 жастан 6 жасқа дейінгі) Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы. 2010
5. Метод Serper – 1 A – Spira\ bound.
6. Использование книг и учебников для дошкольников. Workbooks sandtex books.
7. Ваш ребенок получения адекватной социализаций в домашнее www.articlesbase.com.

Электрондық оқулықтар:

1. Мектепалды, ҚР Білім және ғылым министрлігі, Орта Азия мен Қазақстан Республикасындағы ЮНЕСКО-ның өкілдігі Қазақстан- Ресей Университеті, 2004
2. Современные педагогические технологии. Департамент образования г.Алматы Институт повышения квалификации и переподготовки кадров системы образования. 2007
3. Янош Джоржеку «Механический и электронный учебник». W.W.W. warwick.ac. Uk\Russia\Intas.
4. Alib. Ru, Зульфikerов Тимур. www.alib.ru.ulbs.
5. Мордахаев, «Социальная педагогика» www.bank.referatov.ru.
6. Левко А.И., «Социальная педагогика» Book.Inviad.ru
7. Д.Альжев, «Электронная социальная педагогика» www.gramotey.com.book
8. www.interactiv.kz – Интерактивное обучение в Казахстане.
9. www.sabak.kz – Он-лайн уроки в Казахстане
10. www.window.edu.ru – Единое окно доступа к образовательным ресурсам.
11. www.1september.ru – Издательский дом «Первое сентября»
12. www.it-n.ru – сеть творческих учителей.